

CENTEK

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ СТ-0080 ТЕРМОПОТЫ

ҚУАТ • САПА • ДИЗАЙН



МАЗМҢЫ

- 1. ауіпсіздік шаралары**
- 2. Аспапты сипаттамасы**
- 3. Жиынты тылы**
- 4. Ж мыс т ртібі**
- 5. Аспап а к тім жасау**
- 6. Техникалы сипаттамалары**
- 7. орша ан ортаны ор ау, аспапты к деге жарату**
- 8. Сертификаттау туралы а парат, кепілдікті міндеттемелер**
- 9. ндіруші, импорттаушы туралы а парат**

рметті т тынушы!

Сізге CENTEK CM нiмiн та да аны ыз шiн ал ысымызды бiлдiреміз.

**Б йымды пайдалану ережелерiн са та ан кезде оны мiнсiз
ж мыс iстейтiнiне кепiлдiк беремiз.**

Өтiнеміз, пайдаланар алдында аспапты дұрыс және қауіпсіз пайдалану туралы маңызды ақпараты бар осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз. Аспапты тікелей мақсатында пайдаланбаған жағдайда және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен шарттар сақталмаған кезде, сондай-ақ аспапты білікті емес жөндеуге әрекет жасалған жағдайда дайындаушы жауапты болмайды. Егер аспапты қолдану үшін басқа тұлғаға беруді қаласаңыз, оны осы нұсқаулықпен бірге беруіңізді сұраймыз.

**Термопот т рмысты аспап болып табылады ж не нерк сiптiк
ма саттарда олдану а арналма ан!**

1. АУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Өмір мен денсаулық үшін қауіпті жағдайлардың туындауын, сондай-ақ аспаптың мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін, төменде аталған шарттарды қатаң түрде сақтау қажет:

- Аспапты пайдалануға өңгізер алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз. Осы нұсқаулықты, кассалық чек және аспаптың қаптамасын сақтаңыз.
- Осы тұрмыстық аспап үй жағдайларында қолдануға арналған.

- Егер сіз құрылғыны пайдаланбасаңыз, оны қуат розеткасынан өшіріңіз.
- Металл заттардың қуат сымының ашасымен жанасуына жол бермеңіз.
- Қуат сымын розеткадан шығарған кезде, ашадан ұстаңыз және сымды тартпаңыз. Сақтық шараларын сақтамау электр тогының соғуына, қысқа тұйықталуға немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Қауіптілікті болдырмау үшін қуаттандыру баусымы зақымданған кезде, оны ауыстыруды өндіруші, сервис қызметі немесе оған ұқсас білікті қызметкерлер жүргізуі тиіс.
- Суды қайнату кезінде немесе қайнағаннан кейін бірден құрылғыдан суды құймаңыз, ыстық су шашырап, сізді күйдіруі мүмкін.
- Құрылғыны тұрақсыз немесе жанғыш бетке қоймаңыз.
- Қақпақты ашқан кезде абай болыңыз. Терінің ашық жерлерін бу шалуын болдырмаңыз.
- Күйіп қалмас үшін будың шығу тесігіне тимеңіз.
- Термопотты қабырғадан немесе жиһаздан кем дегенде 30 см қашықтықта қолданыңыз. Бу жақын орналасқан заттар мен беттердің түссізденуін немесе деформациясын тудыруы мүмкін.
- Сызаттар болдырмай аспапты бет үстімен ұқыптап жылжытыңыз.
- Термопотты су қайнату үшін ғана пайдаланыңыз, онда сорпа, сүт, шай, мұз және т. б. сияқты басқа сұйықтықтарды жылытуға немесе қайнатуға тыйым салынады. Судың бөтен заттармен бірге қайнауы ішіндегілердің төгілуіне, тамақтың бүлінуіне, термопоттың ішкі жабынының қабыршақтануына және ішкі электр сорғысының бітелуіне әкелуі мүмкін, бұл судың шығуына кедергі келтіреді.
- Қимылдау, сез немесе ойлау қабілеті төмен тұлғалар (балаларды қоса алғанда) немесе өмірлік тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалар өздерінің қауіпсіздігі үшін жауапты болып табылатын тұлғаның бақылауында болмаса және одан аспапты қалай қолдану керектігі туралы нұсқау алмаса, олар құралды қолданбауы керек. Аспаппен ойнау қолжетімсіз болуы үшін, балалар ересектердің бақылауында болулары тиіс.

НАЗАР АУДАРЫ ЫЗ!

Бос термопотты қоспаңыз.

- Жылу көздерінің жанында аспапты қоймаңыз.
- Аспап жұмыс жасап тұрған кезде қолжетімді беткі қабаттардың температурасы жоғары болуы мүмкін.
- Аспаптың жұмысы аяқталғаннан кейін қыздыру элементінің беті ыстық болып қалады.

Көшіру (тасымалдау), өткізу бойынша ерекше шарттар: жоқ.


2. АСПАПТЫ СИПАТТАМАСЫ

СИПАТТАМАЛАРЫ

- Жасырын қыздырғыш элемент
- Сусыз қосудан қорғау
- Қызып кетуден қорғау
- Су берудің үш әдісі
- Кездейсоқ су беруді құлыптау жүйесі
- LED-индикаторлар

АСПАПТЫҢ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

1. Қақпақ
2. Резеңке сақина- тығыздағыш
3. Буның шығуына арналған саңылау
4. Суға арналған контейнер
5. Максималды су деңгейінің белгісі
6. Тұтқа
7. Су ағызу шүмегі
8. Су беру батырмасы
9. Су деңгейінің шкаласы
10. Корпусы
11. Минималды су деңгейінің белгісі
12. Желілік баусымға арналған ажыратқыш
13. Аша
14. Қуат беру баусымы
15. Штепсель
16. Су беру тұтқасы



3. ЖИЫНТЫ ТЫЛЫ Ң

- Термопот - 1 дана.
- Қуат баусымы-1 дана.
- Пайдаланушы нұсқаулығы - 1 дана.

4. Ж МЫС ІСТЕУ Т РТІБІ

ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

Алғашқы қолданар алдында суды термопотқа қайнатыңыз және оны төгіңіз. Сіз пластиктің әлсіз иісін сезуіңіз мүмкін, ол біраз уақыттан кейін жоғалады.

Суды тікелей краннан құймаңыз, өйткені судың байқамай толып кетуі қысқа тұйықталуға немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Максималды деңгейден жоғары су құймаңыз, өйткені қайнаған кезде ыстық су төгіліп, күйіп қалуыңыз мүмкін.

Басқару панеліне немесе термопоттың сыртқы жағына су төкпеңіз, себебі бұл термопотқа зақым келтіруі мүмкін. Абайлап қақпақты шертпе дыбысы естілгенге дейін жабыңыз. Қақпақты ашу және жабу әрдайым қатты шертпе дыбысымен бірге жүреді. Аспапты розеткаға қосыңыз. Су қыза бастайды.

ТЕРМОПОТТЫ ПАЙДАЛАНУ

Суды қайнатқан кезде тыйым салынады:

- қақпақты ашуға;
- бу шығатын саңылауға тиюге;
- бу шығуына арналған саңылауды жабуға;
- суды төгуге.

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ СӨНДІРУ ФУНКЦИЯСЫ

Автоматты түрде өшіру функциясы термопоттың қызып кету қаупі бар келесі жағдайларда іске қосылады:

- қуат баусымы бос термопотқа қосылған (су деңгейі минималды белгіден төмен);
- қуат баусымы ыстық су пайдаланылып болған термопотқа қосылған.

Егер құрылғы автоматты түрде сөніп қалса, қуат сымын розеткадан ажыратыңыз. Ол салқындағанша күтіңіз, содан кейін су құйыңыз.

ЫСТЫҚ СУ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

Ыстық су берудің үш әдісі :

- басқару тақтасындағы су беру батырмасын басу арқылы;
- су беру тұтқасын басу арқылы.
- механикалық сорғының көмегімен.

ҚОЛДАНУДАН КЕЙІН

- Аспапты розеткадан өшіріңіз. Күйіп қалмас үшін, аспап салқындағанша күтіңіз, содан кейін қалған суды төгіп тастаңыз.
- Контейнерді судан күніне кемінде бір рет босатыңыз. (Қалған су тот, жағымсыз иіс және минералды шөгінділердің пайда болуына әкелуі мүмкін.)
- Басқару тақтасына, тұтқаға немесе қуат сымының ұясына судың төгілуіне жол бермеңіз (төгілген су күйіп қалуға немесе термопотқа зақым келтірілуіне әкелуі мүмкін).

А аулы	Себеп	Тексеру
Аспап суды қайнатпайды	Электр сымы розеткаға қосылмаған	Сымның розеткаға қосылуын тексеріңіз
	Желілік сым ашасы ластанған	Сымның ашасын тазалаңыз
Су қызбайды және су саңылауынан нашар төгіледі	Электр сымы розеткаға қосылмаған	Сымның розеткаға қосылуын тексеріңіз
	Минералды шөгінділер немесе термопот қабырғаларындағы қақ	Контейнерді тазалаңыз
	Ыстық су қайнаған кезде нашар ағады	Қақпақты ашып, буды шығарыңыз, сосын қақпақты жабыңыз (ыстық бумен абай болыңыз)
Су өздігінен ағады	Су деңгейін тексеріңіз, ол жоғарғы белгіден аспауы керек	Артық суды төгіңіз
Суда ақ бөлшектер жүзіп жүр	Бұл судағы минералдардың бөлшектері. Олар ішкі ыдыстың коррозиясының немесе ішкі жабынның қабыршақтануының нәтижесі емес	Лимон шырыны қосылған суды қайнату арқылы ішкі су контейнерін тазалаңыз
Жұмыс кезінде термопот қатты дыбыстар шығарады	Ыдыстың қабырғаларында қақтың шамадан тыс жиналуы судың қайнау шуын арттыруы мүмкін	
Судан жағымсыз иіс шығу	Хлордың иісі сіз қолданатын судан болуы мүмкін. Сондай-ақ, пайдаланудың басында сіз пластиктің жеңіл иіс сезе аласыз. Уақыт өте келе иіс жоғалады	

5. АСПАП А К ТІМ ЖАСАУ

ТАТ КЕТІРУ

Пайдалану барысында термопоттың ішкі бетіне су құрамындағы минералды заттар жиналуы мүмкін, бұл термопоттың жұмысының тиімділігін төмендетеді және аспаптың жұмысы кезінде шу деңгейін арттырады. Сусыз қосылудан қорғау, егер термопотта қақ болмаса, тиімдірек жұмыс істейді. Қақтың мөлшері судың кермектігіне байланысты. Тиісті қақтан тазартқыштарды пайдаланып, қақты үнемі кетіріңіз. Қаптамадағы өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Сондай-ақ, лимон қышқылының немесе сірке суының әлсіз концентратын қолдануға болады. Концентратты неғұрлым жоғары жасауға тырыспаңыз, бұл аспаптың ағуына әкелуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫ ЫЗ!

Дайындаушының кепілдік міндеттемелері қақты тиісінше алмаудан туындаған зақымдарға қолданылмайды.

ТАЗАРТУ

- Тазартудың алдында аспапты электр қуатының розеткасынан міндетті түрде ажыратыңыз!
- Қажет болса, термопоттың сыртқы бетін жуғыш заттарсыз сөл дымқыл матамен сүртіңіз.
- Термопотты тазалау үшін абразивті тазартқыштарды және еріткіштерді пайдаланбаңыз.

6. ТЕХНИКАЛЫ СИПАТТАМАЛАРЫ

- Кернеуі: 220-240 В ~50/60 Гц
- Көлемі: 3.0 л
- Қуаттылығы: 720-850 Вт

7. ОРША АН ОРТАНЫ ОР АУ, АСПАПТЫ К ДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Қаптама, аспаптың өзі қайта қолданылуы мүмкін материалдардан жасалған. Мүмкіндігінше, жою кезінде оларды қайта қолданылатын материалдарға арналған контейнерге лақтырыңыз.

АСПАПТЫ КӨДЕГЕ ЖАРАТУ

Аспап қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, әдеттегі тұрмыстық қалдықтан бөлек жойылуы мүмкін. Оны электрондық аспаптар және электрлік аспаптарды қайта өңдеуге қабылдаудың арнайы пунктіне тапсыруға болады. Материалдар олардың жіктеліміне сәйкес қайта өңделеді. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін осы аспапты қайта өңдеуге тапсырып, Сіз қоршаған ортаны қорғауға үлкен үлес қосасыз. Электрондық аспаптар мен электрлік аспаптарды қайта өңдеуге қабылдау пункттерінің тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан ала аласыз.

8. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ А ПАРАТ, КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сертификатталған.

Аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Федералды Заңының 5-бабының 2-тармағы тәртібінде өндіруші белгілеген осы өнім үшін қызмет ету мерзімі, өнім осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға сәйкес қатаң түрде қолданылған жағдайда, түпкілікті тұтынушыға өткізу күнінен бастап 5 жылды құрайды. Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар — жыл, 4 және 5 таңбалар — өндірілген айы). Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін ең жақын авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз. Кепілдік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету «Ларина-Сервис» ЖШҚ Краснодар қ., бас сервистік орталығымен жүргізіледі. Тел.: 8 (861) 991-05-42. Қалаңызда сервистік орталықтың болуы туралы ақпаратты көрсетілген телефон бойынша немесе www.centek.ru сайтында білуге болады. Өнімнің сәйкестік сертификаты бар: 13.02.2017 ж. № TC RU C-CN.ГР01.В.00403



өнім сертификатталған және талап етілген барлық еуропалық және ресейлік стандарттарға сәйкес келеді

9. НДІРУШІ ТУРАЛЫ А ПАРАТ, ИМПОРТТАУШЫ

ндіруші: Zhongshan Foodstuffs And Aquatic Imp. And Exp.Group Co. Ltd Of Guangdong. (Жоншан Фудстафф энд Акуатик Имп. Энд Эксп. Труп Ко., ЛТД оф Гуандон).

Мекенжайы: Tongji Road, Jichang Villiage, Dongfeng Town, Zhongshan City, Guangdong, China, Қытай. (Тонгжи Рoad, Джишан Вилладж, Донфэн Таун, Жоншан Сити, Гуандон, Қытай).

РФ аума ында импортаушы: ЖК Асрумян К.Ш.

Мекенжай: Ресей, 350912, Краснодар қ. Пашковский қтк, Атаман Лысенко көш., 23. Тел.: 8 (861) 2-600-900.



Ж
Е
Т
І
З
Е
С

№ кепілдік талоны _____

Талон барлық мөртаңбалар мен белгілер
болған кезінде жарамды

Назар аударыңыз! Өтіміз, сатушыдан
кепілдік талонын және жыртпа талондардың
толығымен толтыруын талап етіңіз.

Сатушы-фирмамен толтырылады	
Бұйым	
Үлгісі	
Сериялық нөмірі	
Сатылған күні	
Сатушы фирма	

Сатушы-фирманың заңды мекенжайы

Сатып алушының аты-жөні және телефоны

Сатушының қолы

Сатушы ұйымның мөрі

РМЕТТІ ТҒЫНУШЫ

Барлық аспаптарға кепілдік мерзімі түпкілікті тұтынушыға өткізген күннен бастап 12 айды құрайды. Өндіруші, осы кепілдік талонымен осы аспаптың жарамдылығын растайды, және өндірушінің кінәсінен туындайтын барлық ақаулықтарды тегін жою бойынша міндетті өзіне жүктейді.

Кепілдікті жөндеу дайындаушы «Ларина-Сервис» ЖШҚ авторландырылған сервистік орталығында жүргізіле алады, мекенжайы: Краснодар қ., Демус көш., 14 үй. Тел.: 8 (861) 991-05-42.

КЕПІЛДІКТІ ҒЫЗМЕТ К РСЕТУ ШАРТТАРЫ:

1. Кепілдік рәсімдеудің келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- егер сатушы компанияның мөрі және кепілдік талонындағы сатушы өкілінің қолы, әр жыртылатын купондағы мөрлер, сатып алушының қолы болса, үлгісінің атауын, оның сериялық нөмірін, сату күнін көрсете отырып, өндірушінің түпнұсқа кепілдік талонын дұрыс және нақты толтыру.

Өндіруші жоғарыда аталған құжаттар ұсынылмаса немесе олардың ішіндегі ақпарат толық емес, түсініксіз, қарама-қайшы болса, кепілдікті қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

2. Кепілдік пайдаланудың келесі шарттарын сақтаған кезде әрекет етеді:

- аспапты пайдалану нұсқаулығына қатаң сәйкестікте қолдану;
- қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдікке аспапқа мерзімді қызмет көрсету, тазарту, орнату, иесінің үйінде теңшеу кірмейді.

4. Кепілдік келесі жағдайларға таралмайды:

- механикалық зақымдануларға;
- аспаптың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате әрекеттері;
- қате орнату, тасымалдау;
- сұрапыл апаттар (найзағай, өрт, су басу және т.б.), сондай-ақ сатушы мен дайындаушыдан тәуелсіз басқа себептер;
- аспаптың ішіне бөтен заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- уәкілетсіз тұлғалармен жөндеу немесе құрылымдық өзгерістер енгізу;
- аспапты кәсіби мақсаттарда қолдану (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен асып кетеді), аспапты Мемлекеттік техникалық стандарттарға сәйкес келмейтін қуаттайтын телекоммуникациялық және кабельдік желілерге жалғау;

- егер оларды ауыстыру конструкцияда көзделсе және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, төменде аталған бұйым жабдықтарының істен шығуы:

а) қашықтан басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері (батареялар), сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;

б) шығын материалдары және аксессуарлар (қаптама, тыстар, белдіктер, сөмкелер, торлар, пышақтар, шыны сауыттар, төрелкелер, тұғырықтар, шілтерлер, ұршықтар, құбыршектер, түтіктер, щеткалар, саптамалар, шаң жинауыштар, сүзгілер, иіс сіңіргіштер);

- батареядан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - қолайсыз немесе тозған батареялармен жұмыс істеу;
- аккумулятордан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - аккумуляторды зарядтау және қайта зарядтау ережелерін бұзудан туындаған кез келген бұзылымдар.

5. Осы кепілдік, дайындаушы тарапынан қолданыстағы заңнама белгілеген тұтынушының құқықтарына толықтырма ретінде ұсынылады және оларды ешбір жағдайда шектемейді.

6. Өндіруші, «CENTEK» СМ өнімімен адамдарға, үй жануарларына, тұтынушының және (немесе) өзге үшінші тұлғалардың мүлкіне тікелей немесе жанама келтірген ықтимал зиян үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, орнату қағидалары мен шарттарын сақтамау нәтижесінде болған жағдайда; тұтынушының және (немесе) өзге үшінші тұлғалардың қасақана және (немесе) абайсызда жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі), еңсерілмейтін күш жағдайлардың әрекеттері үшін жауапты болмайды.

7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде бұйымды тек таза күйінде қабылдайды (аспапта азық-түлік қалдықтары, шаң-тозаң және басқа ластанулар болмауы тиіс).

Өндіруші алдын ала хабарламай, аспапты дизайны және сипаттамаларын згертуі үшін зінне алдырады.

Қызмет ету мерзімі, бұйым осы қолдану нұсқаулығына және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте қолданылған жағдайда, түпкілікті тұтынушыға өткізген күннен бастап 5 жылды құрайды. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты одан әрі пайдалану бойынша ұсынымдарды алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Бұйымды өндіру күні сериялық нөмірде көрсетілген (2 және 3 таңбалар — жыл, 4 және 5 таңбалар — өндірілген айы).